

Д

униге жарамсақтың не бір сорттары келген ғой. Көп ішінде жүрген соң байқамайсың.

Қайдан білесің: ол да екі аяқты адам... Маңдайыңда жазуы жоқ. Мінез-әрекеті, айла-тәсілі де қилы-қилы олардың. Түлкі кұйрық жылмаң. Сығалап атар сыған. Жорға жүрiстi жортақы... бірде майпаң, бірде сипаң... Ай, толып жатырау, күл шыққырлар!

Әдетте, жарамсақтар бастығы паң, немесе аңқау, сыны сынық мекемелерге үйір келеді десетін еді, кейбір сыралдылар. Осыған менің де көзім жаңа-жаңа жеткендей боп келеді...

Бұдан бірер жыл бұрын, өзім қызмет істеген басқармада Тәмпей Ләпбаев дейтін жігіт кадр бөлімін меңгерді. Бастырымыз Жабағы Әлдубаев аңғал да жуас кісі еді. Ләпбаев соған жағып алды да басқамызға таң атырмай қойды. Өзі де бір жылдың неме еді, Жабағының ойындағысын қабағынан таниды. Оның алдында құрдай жорғалап: «Портфеліңіз мінеки. Қалпағыңыз энеки. Машинаңыз ерттеулі, артында тұр... бүктеулі!» деп-ақ тұрғаны. Шімірікпейді! Өндірістік мәслихат немесе кәсіподақ жиылысы бола қалғанда сөйлеп тұрған бастықты қосарлана қостап: «Қайран Жабекем, жақсы айтты. Оу, естідіндер ме, түгі!» деп қояды, саппас.

Кейде ол, әрине, сөз алып та сөйлейді. Онысы мына мәңзелді боп келеді. «Бәріміздің де сүйенеріміз, арқа күзеуіміз - осы Жебекем, біле білсеңдер.

Апыр-ай, сіз болмасаңыз қайтер едік, не болар едік, Жабекем! Бастай бер, бізді, мекемеміздің абройы үшін отқа да, суға да әзірміз!»

Әлдубаев осы сәтте екі жағына кезек ырғала қозғалып: «кім, қалай?» дегендей, жағалай бір қарап алады. Залда бірінің санын бірі шымшылап, біріне бірі көз қысқандар байқала қалғандай болса, жайымен: «Кейде бөсіңкіреп кететінің бар-ау, Тәмпей. Хе-хе!..» дей салады. Бар беретін тойтарысы сол. Ал басқа уақытта құлағын жымитып отыра береді.

Біздегі жігіттердің бірде-бірі Ләпбаевтың жел жағынан жүре алмайды. Өйткені бастық алдында оның ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс. Құлағына сыбырлап қойсаң, бір пәлені?! Сондықтан олар Тәмпейді «Барып тұрған жарамсақ, Адам емес!» деп тек сыртынан ғана жамандайды.

Неліктен екені белгісіз, күндерде бір күн Ләпбаев басқа қызметке ауысып кеп кеткені. Сұрамаңыз! Төбедегі бұлт арылып, аспан шайдай ашылғандай болды. Құдай жарылқады десіткі! Бірақ шынын айту керек, Жабекенді қайдам, бір жағынан біз қатты қоңылтақсып та қалдық. Ол ол ма. «Мекеме болған соң бір жарамсақтың орны бөлек екен ғой» деушілер де болды арамызда.

Міні, менің алғаш көрген жарамсағым осы болатын. Қайдан білейін, жарамсақ біткеннің бәрі сондай болады екен деп ойлайтын ем содан бері. Мұным бекер екен.

Неге дерсіз?.. Өткен демалыс

Жарамсақтар мәслихаты

күні паркке барған едім, ағаш саясындағы скамейкада үшеу отыр екен. Анадайдан көріп тұрмын: қызу әңгіме үстінде жақынырақ келіп байқасам: үшеудің біреуі баяғы өзіміздің Тәмпей! Көзілдірікті жалпақ Сары оған:

- Сенікінің бәрі жай әншейін балалық болған, - дейді.

- Несі балалық? - деп Тәмпей езеурейді.

- Балалық болмаса сондағы тапқаның не?

- Бастық жақсы көрді. Сенді. Басқадан шоқтығым биік жүрді. Бұл жаман ба?!

- Ол шоқтықтан не пайда, таңдайыңа басқан дәнемен жок!..

Сөзге оң жақта отырған қияқ мұртты тықыр Қара араласты.

- Сидор Трофимович дұрыс айтады, інішек, - дейді ол Тәмпейді шынтағымен түртіп қалып. - Бастықтың қолтығы деген, әрине, жақсы-ақ нәрсе, бірақ «мың сіз-бізден бір шыжбыж» деген бар. - Бұдан соң ол әлгі Сарыға бұрылып былай деді: - Әлде бұған бір без бүйрек бастық тап болған шығар, қайдан білдің?

- Е-е қойшы, есебін тапса бүйрек шіркін бүлкілдеп-ақ кететін, - деп Сары қолын бірақ сілтеді, - Бәрі де жанасымға, ілкімге байланысты емес пе.

Ондайларды өзіміз сүт пісірмге жібермей, мойнын астынан келтіреміз. Бастықтың хакектіне қарай қимылда. Тамырын тап басып осал жерін ұстай біл. Сөз бе екен сол!

Мұртты сәл күрмеліп отырды да сөзге қайта оралды.

- Солай ғой, дегенмен, бастықтың да небір бойлауықтары болатын көрінеді, - деді мырс етіп. - Осыдан бірер жыл бұрын «Тері-терсек, жүн-жұрқа» тресінде завхоз боп істеген едім. Бір көткеншек бастық кез болды, сорыма. Өрт сөндіріп келгендей тұнжырайды да отырады ергелі-кеш. Жез қармақтай иіліп те, бұлаңдап та, жорғалап та көрдім. Қостадым да мақтадым. Сонда да икемге бір келмейді-ау!

- Тек маймыл ғана болған жокпын десейші!

- Ай, болмасам да соған жақындадым білем.

- Сонымен? - Сары мен Тәмпей мұрттының аузына төне түседі. - Не әрекет жасадың?

- Мен де тірі жан емеспін бе, келдім де бір жағынан жамбастап. Бастығымыз егделеу адам еді, ал енді қатыны дегеніңіз... сұрама! Өрі ерке, әрі би. Өзі жас. Айналдырып кеп бердім.

- Оу, көкжалың! - дейді Тәмпей қуанып.

- Көкжалыңды білмеймін...

енді өлді дей бер мұны, - дейді Сары.

- Сендер басқа жаққа бұрмаңдар. Жарамайды! - Қара мұртын ширатып сипақтап қалды. - Жүн қазнадан, аяын ба, жедел бастырып жіберіп, мөп-мөлдір қара ала текеметті, байы жоқта, сұлудың алдына әкеп тастай бердім. Салған жерден: «Өте аяулы зат екен! Бағасы қанша, мұныңыздың?» - деп қалды, заты әйел емес пе. Сатпаймын, сізге деген тартуым, тек бастыққа сездіре көрмеңіз. Оңдырмайды! дей сала дереу кетуге оңтайландым.

- Тоқтаңызшы, сонда...

- Ешқандай сондасы жоқ! - Тартып отырдым, қайдан шықсаң онан шық. «Мынауынды алып кет» деуге текеметті қимай, қолқаңды ретіне қарай көрерміз дегендей кейіпте қала берді ол.

-Қалсын! Ал сонан соң?

- Сонан соң Мойнына ақша мініп орталық қойма бастығы желбезектің ілініп кеп қалмас па, бір күні аяқ астынан. Жаңылдың інісі Жөңкебайды соның орнына ұсынып хожейкамның құлағына сыбырлай қойдым. «Бар тілегім осы!» дедім.

- Өтіп кетті ме ей? - деп желкесін қасыды Сары.

- Өтпегендеші!

- Дұрыс-ақ!

Хожайқаға көз қыстың ба, осыныңды айтшы?

- Тұу, сен де қызықсың кейде, Сидор. Онда нем бар, байғұс.-ау

- Қап! Ұрымтал жерге барып-ақ қалған едің... болмады енді. Жарайды... айта бер.

- Қойшы, сонымен бір жыл ішінде балдызым Жөңкебайды

қоймашы, інім Қиясты кассир, Бекберген ағайды - қабылдаушы етіп орналастырдым да қойдым.

- Жеңгеннің арқасында ғой, әрине?

- Енді қалай! Ал бастығым сонда да зәредей сыр бермеді ғой маған. Міз бақпайды, ей! Мұндай зымиянды көрсем не дейсің!

- Болдың ба? - дейді Сары, - Зымияндық деген екі жаққа бірдей. Менің бастығым болды, сенікінен де өткен сұм еді. Тек бір жақсысы, бергенді алатын еді, екі шоқып бір қарап. Есебін тауып беріп, беріп қақпан бастырдым да шипасын бітіре қойдым.

- Қалай, ей?

- Не қалайы бар, орнынан алынып, қара есекке теріс қарап мінді де жайына кетті. Әнеки!

- Айтсайшы, мың болғыр-ау, не амал қолдандың сонда? - деп қиылады анау екеуі.

- Жарайды. Айтайын, бірақ бұл сендердің қолдарыңнан келмейді...

Осылай деп Сары әңгімесін бастай бергені сол еді, бұлардың жанына қастарында әйелдері бар екі жігіт келе қалды. Сарының таныстары екен. Ол орнынан ұшып тұрып:

- Жігіттер, сөге жамандамандар, мына кісілер келіп, қалды, - деді де әлгілерге ілесіп кете барды. Арқан бойы ұзай бере Тәмпей мен Мұратқа тағы да былай деді:

-Алдағы демалыста. Тап осы арада. Мақұл ма?..

...Ертең демалыс. Нәсіп болса, мен де ертерек барып сол тұстан шығуға белбайлап отырымын.

Жүсіп Алтайбаев